методологической основой выступил полипарадигмальный подход. Теоретическую основу исследования составили концепции, разработанные в педагогике, лингвистике, психолингвистике, когнитивной науке и теории коммуникации. Результаты исследования показали, что речевое пространство может рассматриваться не только как среда языкового взаимодействия, но и как интегративная педагогическая категория, способствующая развитию познавательной активности, критического мышления, коммуникативной культуры, социальной ответственности и ценностных установок личности. Коммуникация рассматривается как один из основных механизмов, обеспечивающих смысловое взаимодействие участников образовательного процесса, усвоение знаний и передачу культурного опыта. Наряду с этим проведен семантический анализ термина «тренд» и обоснована возможность использования его казахских эквивалентов «үрдіс», «бағыт» и «беталыс». Их употребление позволяет более точно передавать значения, связанные с динамикой развития педагогической науки, методологическими инновациями и направлениями трансформации содержания образования. Научная новизна исследования заключается в обосновании речевого пространства как интегративной педагогической категории, рассматриваемой на пересечении гуманистической, когнитивной, коммуникативной и межкультурной парадигм, а также в определении роли речевой деятельности как значимого фактора развития функциональной грамотности и межкультурной компетентности. Полученные результаты могут быть использованы для совершенствования казахской педагогической терминологии, развития научного дискурса на основе национальных языковых норм и модернизации содержания педагогического образования.

Ключевые слова: речевое пространство, педагогическая коммуникация, полипарадигмальный подход, функциональная грамотность, педагогический процесс, гуманистическая парадигма, межкультурная коммуникация

Кіріспе. Қазіргі педагогика ғылымы қоғамның сұранысына сай көпқырлы бағытта дамып келеді. Жаһандану жағдайында білім беру кеңістігінде қолданылатын көптеген ғылыми ұғымдар мен терминдер шетелдік сөздер арқылы енуде. Осыған байланысты ұлттық ғылыми тілдің әлеуетін арттыру, терминдерді қазақ тілінің табиғи құрылымына икемдеу - бүгінгі педагогикалық лингвистика мен терминологияның маңызды мәселелерінің бірі. Ғылыми айналымда жиі қолданылып жүрген терминдердің бірі - *trend* («тренд»). Бұл сөз ағылшын тілінен енген. Ол «бағыт», «үрдіс», «беталыс», «қозғалыс», «қозғалыс арнасы» деген мағыналармен үндес. Алайда қазақ тілінде бұл ұғымның бірізді баламасы толық орнықпаған. Сондықтан *trend* атауын қазақтың ғылыми тілдік жүйесімен үйлестіріп, оның мағыналық дәлдігін қамтамасыз ету қажеттігі туындайды.

Trend терминінің мазмұнына сай келетін қазақша нұсқа - «үрдіс». Бұл балама педагогика мен әлеуметтік ғылымдарда жүйелі даму мен жаңару идеясын

нақты бейнелейді. Ал контекске қарай «бағыт» пен «беталыс» атаулары да терминнің мағыналық өрісін толықтыра түседі. Осындай икемділік қазақ тілінің семантикалық байлығын айқындап, ғылыми терминологияның табиғи дамуына мүмкіндік береді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, «үрдіс» ұғымы оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде жүріп жатқан әлеуметтік, когнитивтік және мәдени өзгерістерді сипаттайды. Терминнің ғылыми айналымға енуі білім беру мазмұнындағы коммуникативтік және сөйлесім әрекетінің маңызын анықтаумен тығыз байланысты. Себебі педагогикалық көпсатылы процесс тілдік қатынас арқылы жүзеге асады: сөйлеу әрекеті барысында білім мен тәрбие синергиясы адами капитал компоненттерін қалыптастырады, бұл процестер арқылы ой жүйесі дұрыс, түсінікті жеткізіледі, ақпараттармен алмасу өрісі кеңейеді. Сөйлесім кеңістігі - педагогикалық өзара әрекеттің дінгегі әрі мағынаны жеткізетін орта.

Сөйлесім – адамдардың ұжымдық тобына тән басты құбылыс. Ол тілдік қатынас барысында бірнеше адамдардың бір-бірімен пікір алысу қажеттілігін өтейді. Ол тек жеке адамның сөйлеу әрекетіне ғана қатысты емес. Сөйлесім екі не одан да көп адамдар тобының пікір алмасуы арқылы жүзеге асады.

Сөйлесім – адамдар арасындағы тілдік қатынасты қамтамасыз ететін, сөйлеу тілі арқылы жүзеге асатын ерекше категория. Сөйлесімді жүзеге асыратын – тіл де, оның іске асуына жағдай жасайтын – қарым-қатынас. Тіл мен сөйлесім бір ортақ жүйенің екі бүтін құрамы болса, қарым-қатынас, яғни қатысым – олардың шарты.

Осы ретте “сөйлесім” деген тіл бірлігін ерекше бөліп айтуға тура келеді. Өйткені ол ауыз екі сөйлеу деген мағынаны емес, жалпы адамзаттың сөйлесу, пікірлесу, түсінісу құралы, сөйлеу құралдарының қызметі, адамның көпсатылы ойын жеткізетін амалдар тізбегі, адамның тілдік қатынасын жан-жақты іске асыратын құрал деген қоғамдық-әлеуметтік мәні бар ұғымды білдіреді. Бұл ұғым, біріншіден, «сөйлесім», «сөйлеу» түбірі арқылы жасала келіп, сөйлеу процесінің тек адамзатқа тән құбылыс екенін көрсетеді. Екіншіден, сөйлесім деген сөз «сөйлеу» түбіріне ортақ етістің «с» жұрнағы қосылу арқылы жасала келіп, бірлескен, көпшілікке тән, ортақ іс-әрекетті білдіреді. Сөйлесімді жеке бір адам жүзеге асыра алмайды, ол бірнеше адамдардың тілдік түсіністігі арқылы іске асады. Сөйлесім адамдарды ортақ, бірыңғай байланысқа түсіреді. Мұндай байланыс қоғамның дамуына әсер етеді.

Демек, ол адамдардың тілдік қарым-қатынасы нәтижесінде іске асатын ортақ құбылысты көрсетеді. Тілдік қатынас жүзеге асу үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы – басты шарт. «Сөйлесім» – осы басты шартты атқарады және ортақ тілдік әрекетті аңғартады.

Сонымен, сөйлесім дегеніміз – ойды жарыққа шығаратын, қатысымдық мәні бар, қоғамдық - әлеуметтік қызмет атқаратын күрделі құбылыс.

«Сөйлесім әрекеті» – («речевая деятельность») әр түрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу объектісіне қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист ғалымдар сөйлесім әрекеті мен тілдің ара қатысын, ортақ заңдылықтарын, тілдік қатынастың лингвистикалық негізін қарастырады. Психолог-ғалымдар сөйлесім әрекетінің ойлау, пайымдау, қабылдау, сезіну, түйсік, зейін т.б. процестермен байланысын, олардың сөйлеу кезінде сана арқылы өту ерекшеліктерін зерттейді. Физиологтар тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің жүзеге асуына ықпал ететін дыбыстау мүшелерінің жұмыс істеу механизмдерін, қызметін тексереді. Психолингвист ғалымдар сөйлесім әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік-қатысымдық бірліктердің санамен байланысын, сөйлеу кезіндегі ойға қатысты түрлі процестерді қарастырады.

Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды, жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатынын; оларды неге үйрету керектігін; не үшін, не мақсатпен және қалай оқытатынын; оларды неге және қалай оқыту қажеттігін қарастырады. Тілші-әдіскерлердің ең бірінші мақсаты – сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни қалай оқытсақ, ісіміз жақсы нәтиже береді деген сауалға жауап іздеу. Соны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету.

Сөйлесім әрекетін көптеген авторлар белгілі бір хабарды, ойды, информацияны баяндау, яғни екінші біреуге жеткізу деп түсіндіреді. Немесе тілдік қарым-қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы белгілі бір ақпаратпен пікір алмасуы деген пікірді айтады. Рас, адамзат тілінің ең басты қызметінің өзі – ойды, хабарды жеткізу.

Сөйлесім кеңістігіндегі педагогикалық үрдіс **«коммуникация – тілдік қатынас – кеңістік»** триадасының шеңберінде өрбиді. Бұл шеңбер аясындағы **коммуникация** - қоршаған әлем мен ол туралы ақпарат жеткізуші тіл арасындағы байланыс. **Тілдік қатынас** - қатысымдық бірліктер арқылы жеткізілетін ақпарат-хабар; **кеңістік** – адамзатты қоршаған әлем. **Педагогикалық кеңістік** - экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлар мен білім және ғылым салаларын жинақтаған күрделі құрылым. Осы үдерістің, құбылыстың бірлестігінен дүниетаным ерекшелігі шығады.

Коммуникацияның басты ерекшелігі - тіл мен сана бірлестігі нәтижесінде берілген ақпарат- деректі сөйлесім әрекеті арқылы жеткізу. Коммуникация барысында сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы қабылданған хабар қатысымдық қызметімен қатар, танымдық мәнге ие болып, дүниетанымдық қызметті қатар атқарады. Сондықтан тілдік қатынас – коммуникациялық кеңістіктің тірегі.

Коммуникациялық кеңістік дүниедегі барлық жаратылыс құбылыстарын, олардың бір-біріне әсер ету, ықпалдасу әрекеттерін,

өзара байланысын, бүкіл әлемдік процестердің тілдік бірлік арқылы бейнеленген көрінісін қамтиды. Тілдік коммуникациялық кеңістіктен педагогикалық үрдістердің жаңашыл заманауи ағымдары пайда болады. Педагогикалық жаңа бағыттар халықтың, ұлттың өмір сүру табиғаты мен мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық өміріне, ұлттық санасына, рухани тірегіне, қоныстанған өңірі мен өлкесіне, елі мен жеріне қатысты сан алуан ақпараттарды пайдаланады.

Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлесімнің ең маңызды құралы ой, пайым арқылы жүзеге асатын – тіл. Сөйлеу кезінде адам, ең алдымен, ойлауды басынан өткереді, сырттағы объективтік шындық санаға, ойға әсер етіп, пайымдау, ойлау процесі туады. Мыйдың қызметі мен қозғалысы ойлау процесін қамтамсыз етеді. Соның арқасында нені айту керек, не туралы сөйлеу қажеттігі жөнінде нақтылы қабылдау, пайымдау, талдау жасалады. Ой сыртқа тілдік бірліктер арқылы жеткізіліп, сыртқы дүние немесе объективтік құбылыстар адамның миынан, санасынан орын алады. Сөйлесім әрекеті тек сөйлеу мүшелерінің қызметіне ғана емес, ойлау мен пайымдаудың, сана мен мидың да ерекшелігіне қатысты. Сөйлесім процесінің толық көрінісі әр түрлі сыртқы жағдайлардың әсері арқылы көрінеді. Экстралингвистикалық фактордың ықпалынан адамдардың ойлау қабілеті, тілдік жүйесі, сөз саптау дағдысы дамиды, жетіледі. Соның арқасында ұжымдық топтың сөйлесу мүмкіндігі көпфакторлы сипат алады. Ол сөйлесімнің қоғамдық-әлеуметтік маңызына әсерін тигізеді.

Демек, осының бәрі сөйлесімнің әлеуметтік ролін кеңейтіп, оған сыртқы қоғамдық жағдайлардың әсерін күшейтеді. Сондықтан сөйлесімнің мұндай ерекшеліктерін оның сыртқы жағы, яғни сөйлесімнің сыртқы факторы деп тани отырып, осы тұрғыдан келгенде, сөйлесімнің қоғамдық-әлеуметтік мәнінің зор екенін аңғаруға болады.

Сөйлесім арқылы адамдар бірін-бірі түсініп қана қоймайды, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешеді, өзара бірлікте, ынтымақтастықта болады, түсінеді, Сөйтіп, қоғамның дамуын алға апарады. Қандай жағдайда болсын сөйлеу адамның алдына қойған мақсатына қызмет етеді. Осыдан келіп, сөйлесімнің қоғамдық-әлеуметтік мәні шығады.

Қарым-қатынасқа түсетін адамдардың тілді, сөзді қолдануында да өз ерекшеліктері бар. Әр адамның сөйлеу мәнері, стилі басқа адамға ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән сөйлеу үлгісімен өзгешеленеді. Осының өзінен сөйлеудің жекелік мәні, даралық ерекшелігі шығады.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән басты ерекшелік: ол – **түсіну**. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда тілдік қатынас процесіндегі пікірлесу мен сөйлесу де жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді.

Сөйлесім кеңістігі — мәдени ықпалдастық пен рухани сабақтастықтың

тірегі. Мұнда тіл тек қатынас құралы емес, білім мен тәжірибенің, құндылық пен дәстүрдің таратушысы ретінде қызмет етеді. Осындай ортада педагог пен білім алушының өзара әрекеті мен түсіністігі тереңдей түсіп, оқу мазмұнының сапасы артады. Нәтижесінде тұлғаның танымдық, мәдени және қатысымдық әлеуеті жетіледі.

Қазіргі педагогикалық ғылым полипарадигмалық бағытта дамып келеді. Бұл бағыт сөйлесім кеңістігімен өзара астасып, гуманистік, когнитивтік, қатысымдық және мәдениетаралық тұғырларды біріктіреді. Мұндай бірлікте білім беру үдерісі тіл арқылы жүзеге асатын тұтас коммуникативтік жүйе ретінде танылады. Тіл мен ой, мәдениет пен қарым-қатынас бірлікте қарастырылғанда ғана педагогикалық үрдістің толық сипаты ашылады.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу өзектілігі — қазақ тілінде *trend* ұғымының ғылыми баламасын анықтап, оның педагогикалық мазмұндағы қолданысын нақтылау. Сонымен қатар, сөйлесім кеңістігі мен педагогикалық коммуникацияның өзара ықпалына талдау жасау арқылы ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін арттыру көзделеді. Зерттеу мақсаты — педагогикалық үрдістің полипарадигмалық құрылымын сөйлесім мен коммуникация кеңістігімен байланыстыра отырып, «педагогикалық үрдіс» ұғымының мәнін жаңаша пайымдау және оны қазақ тілінің терминологиялық жүйесінде орнықтыру.

Әдебиеттерге шолу.

Сөйлесім кеңістігі мен коммуникацияның педагогикалық өлшемі

Педагогикада коммуникация ұғымы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің негізгі әдіснамалық категорияларының бірі саналады. Коммуникация тұлғааралық түсінісу, ой мен сезім алмасу, ақпаратты қабылдау сияқты әрекеттерді қамтып, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен сапасын айқындайды. Ол білім беру жүйесін ұйымдастырумен қатар, педагог пен білім алушы арасындағы рухани байланысты және құндылық алмасуды қамтамасыз ететін маңызды тетік (Rogers, 1983: 45–47; Vygotsky, 1986: 94–97).

Сөйлесім кеңістігі — коммуникацияның табиғи көрінісі. Бұл кеңістік педагогикалық әрекеттің интерактивтік, диалогтық және субъект–субъектілік сипатын күшейтеді. Тілдік қатынас үдерісінде жүзеге асатын сөйлесім – оқыту мазмұнын меңгертудің, ойлау белсенділігін дамытудың және білім алушының өз ойын еркін жеткізу қабілетін жетілдірудің негізгі құралы. Мұндай кеңістікте білім тек ақпарат ретінде емес, мағына мен тәжірибенің жиынтығы ретінде игеріледі (Halliday, 1994: 54–56; Orazbaeva, 2019: 18–20).

Тіл мен ойлау арақатынасына арналған зерттеулерде қарым-қатынас адамның психикалық және танымдық дамуын реттейтін жетекші фактор ретінде қарастырылады (Zharykbayev, 2005). Мұндай тұжырым сөйлесім кеңістігінің педагогикалық коммуникациядағы орнын айқындауға теориялық негіз болады. Классикалық педагогикалық еңбектерде тіл адамның рухани болмысы мен мәдени қалыптасуындағы шешуші күш ретінде танылған. Мәселен, К.Д. Ушинский «Тіл – адамзат ойының құралы әрі мәдени дамудың

негізі» деп атап көрсетеді (1989). Бұл көзқарас сөйлесім әрекетінің тұлғалық және құндылықтық маңызын ашуға мүмкіндік береді (Zharykbayev, 2005: 221-224; Ushinsky, 1989: 342-345).

Тіл мен ойдың арақатынасы туралы психолингвистикалық көзқарастарда (Vygotsky, 1986) тіл тұлғаның саналы әрекетінің ұйымдастырушы тетігі ретінде қарастырылады. Выготскийдің пайымдауынша, сөйлеу — адамның қоғамдық тәжірибесін ішкі санада өңдеп, оны сыртқы коммуникация арқылы бейнелеу үдерісі. Бұл көзқарас педагогикалық қарым-қатынастың когнитивтік негізін айқындайды: сөйлесім әрекеті арқылы оқушы сыртқы әлемді тек қабылдап қоймай, оны саналы түрде қайта жаңғыртады (Vygotsky, 1986: 94–97).

Функционалдық-лингвистикалық бағыттағы еңбектерде (Halliday, 1994) тілдің әлеуметтік және когнитивтік табиғаты ерекше маңызға ие. Тіл – мағына жасау, ойды жүйелеу және қатынас орнату құралы. Осы тұрғыдан қарағанда, сөйлесім кеңістігі педагогикалық коммуникацияның құрылымдық әрі мағыналық деңгейлерін тоғыстырады: мұнда тіл білім алушы мен педагог арасындағы өзара әрекетті жүзеге асыратын маңызды арнаға айналады. Сөйлесім әрекетінің педагогикалық табиғатын зерттеген еңбектерде тілдің қатысымдық қызметі тұлғаның танымдық, эмоционалдық және мәдени дамуының негізгі арнасы ретінде қарастырылады (Orazbayeva, 2005). Сөйлесім тұлғаның өзін-өзі тануына, өз ойын еркін жеткізуіне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік туғызады. Мұндай тұжырым сөйлесім кеңістігін тек тілдік орта ретінде емес, рухани және әлеуметтік ықпалдастық алаңы ретінде қарастыруға негіз қалайды (Orazbayeva, 2019:18–20).

Тіл мен коммуникацияның педагогикалық қызметіне халықаралық деңгейде де ерекше мән беріледі. UNESCO-ның *«Білім беруді тұрақты дамуға бағыттау жөніндегі жаһандық шеңбері»* (2023) құжатында тіл мен коммуникация тек оқыту құралы ғана емес, мәдени көптүрлілікті, адамгершілік келісімді және құндылықтар сабақтастығын нығайтатын маңызды фактор ретінде көрсетілген. Бұл тұжырым сөйлесім кеңістігінің педагогикалық өлшемін кеңейтіп, оны білім беру мәдениетінің негізгі құрамына айналдырады (UNESCO, 2023:11–12).

Демек, сөйлесім кеңістігі мен коммуникацияның педагогикалық өлшемі – тілдің әлеуметтік, когнитивтік және құндылықтық қызметтерін біріктіретін күрделі ұғым. Ол педагогикалық үдерістің мазмұны мен сапасын анықтап, білім беру субъектілерінің өзара ықпалдастығын қамтамасыз етеді. Коммуникация арқылы білім беру кеңістігінде мәдени сабақтастық, рухани байланыс және тұлғаның үйлесімді дамуы жүзеге асады (Halliday, 1994: 241-243; Orazbayeva, 2019: 180-182; Vygotsky, 1986: 116-120).

Материалдар және негізгі әдістер

Коммуникативтік үрдістердің полипарадигмалық ұстанымдары

Қазіргі педагогикалық ғылымда полипарадигмалық ұстаным білім беруді

мазмұн немесе әдіс шеңберінде ғана емес, күрделі коммуникациялық жүйе ретінде түсіндіреді. Мұндай көзқарас білім беру үдерісін тілдік, мәдени және әлеуметтік контекстердің өзара байланысы тұрғысынан қарастырады. Осы тұрғыда білім беру тек ақпарат алмасу емес, мәдениетаралық өзара ықпалдастық пен сөйлесім әрекетінің тоғысуынан туындайтын рухани тәжірибе кеңістігіне айналады (Halliday, 1994: 37–40; Rogers, 1983:90–96).

Полипарадигмалық ұстаным әртүрлі ғылыми бағыттардың өзара ықпалдастығынан құралады. Ол гуманистік (тұлғаға бағдарланған), когнитивтік (ойлау және түсіну процестерін зерттейтін), қатысымдық (қарым-қатынасқа негізделген) және мәдениетаралық (мәдени диалогты қамтамасыз ететін) парадигмалардың синтезін қамтиды. Мұндай бірлікте білім беру үдерісі тіл арқылы жүзеге асатын, адамның рухани және әлеуметтік тәжірибесін біріктіретін тұтас жүйе ретінде көрінеді (Rogers, 1983: 9–12; Piaget, 1972:112–115; Halliday, 1994:36–38; Byram, 1997:11–12).

Тілші ғалымдардың еңбектерінде полипарадигмалық тәсіл ұлттық ғылыми контекспен байланысты қарастырылады. Олар тіл мен мәдениеттің байланысын гуманистік көзқарас тұрғысынан түсіндіре келіп, оқыту үдерісін қатысымдық әрекет пен рухани құндылықтарды ұштастыра жүргізгенде ғана сапаға жетуге болады деп есептейді. Қатысымдық бірліктер қызметі арқылы жүзеге асатын тіл — тек қарым-қатынас құралы емес, адамның ойлау қасиетін, мәдени сезімін және рухани дүниетанымын қалыптастыратын орталық жүйе. Сондықтан сөйлесім кеңістігі педагогикалық өзара ықпалдастықтың маңызды тетігі ретінде танылады. Мәдени байланыс пен ұлттық дүниетанымның өзегіне айналған сөйлесім әрекеті заманауи педагогикалық әдіснама ілімінде тың полипарадигмалық әдіс-тәсілдерді құрайды. Осы бағыттағы еңбектер тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын дәйектеп, білім берудің ұлттық және әлемдік тәжірибесін тоғыстырады.

Гуманистік парадигма білім алушыны қоғамдық-әлеуметтік қабілет-қасиеттері арқылы бағалай келіп, оның адами капитал тұлғасын биіктету дәрежесін көздейді. Мұндай бағытта оқытудың мақсаты – адамның еркін ойлау қабілетін дамыту, өзіндік көзқарасын қалыптастыру және әлеуметтік бейімділігін жетілдіру. Бұл идеяны К. Роджерс те қолдап, білім беру процесінде тұлғаның еркіндігі мен шығармашылық белсенділігі басты назарда болуы тиіс деп есептейді (Rogers, 1983). Ал когнитивтік бағыт, Ж. Пиаже пайымдағандай, адамның танымдық қабілеттерін жетілдіруді, ақпаратты талдау мен қайта құрылымдау арқылы білімді тиімді меңгеруді көздейді (Rogers, 1983: 45–47; Piaget, 1972:112–115). Когнитивтік және қатысымдық парадигмаларды тоғыстыра отырып, тіл үйретудің ғылыми негізі адамның сыртқы дүниені қабылдау, пайымдау, процестерімен тығыз байланысты. Коммуникативтік тілдік іс-әрекет лексико-грамматикалық дағдының жиынтығы емес, ол – рухани, мәдени және этикалық құндылықтарды меңгерудің тиімді жолы болып табылады. Осы бағыттағы әдістемелік тәсілдер педагогикалық

лингвистикада когнитивтік-коммуникативтік оқытудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Нәтижелер. Қатысымдық және сөйлесімдік парадигмалар педагогикалық коммуникацияның өзегін құрайды. Бұл бағыттарда тілдік әрекет білім мен құндылықты жеткізудің негізгі арнасы ретінде түсіндіріледі. Сөйлесім әрекеті арқылы оқыту білім алушының ойлау дербестігін дамытып, әлеуметтік рөлін айқындайды, пікір айту мәдениетін қалыптастырады және сыни тұрғыда ойлауға үйретеді (Halliday, 1994:201–204; Orazbayeva, 2019:72–76). Осындай сөйлесім ортасында тұлға өз ойын еркін білдіріп, тілдік тәжірибесін қоғамдық және мәдени тәжірибемен ұштастырады.

Мәдениетаралық парадигма білім беру үдерісіндегі мәдени көптүрлілікті, тілдік және этникалық ерекшеліктердің үйлесімін қамтамасыз етеді. Бұл бағыт диалог мәдениетіне, өзге мәдениеттерді тануға және толеранттық қарым-қатынас орнатуға негізделеді. Б. Байрам (Byram, 1997) еңбектерінде мәдениетаралық құзыреттілік білім алушылардың жаһандық кеңістікте өзара түсіністік орнатуына және ұлттық мәдениетті сақтай отырып әлемдік мәдениетке ашылуына ықпал ететіні айтылады (Byram, 1997:78–82; Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 2003). Қазақстан Республикасының *Білім беруді дамыту тұжырымдамасында* (2003) білім мазмұнын тұлғаның өзін-өзі танытуына, шығармашылық әлеуетін дамытуға және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге бағыттау қажеттігі нақты айқындалған. Бұл құжат полипарадигмалық тәсілдің ұлттық білім саясатына терең еніп, гуманистік және қатысымдық бағдардың үйлесімін қамтамасыз етіп отырғанын көрсетеді (Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 2003).

Жалпы алғанда, полипарадигмалық ұстаным педагогикалық ғылымды тұтас әлеуметтік-коммуникативтік жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл педагогикалық үдерістегі тілдік, мәдени, құндылықтық және психологиялық қырларды біріктіріп, сөйлесім әрекетінің мәнін жаңа деңгейде түсіндіреді. Осындай көпқырлы көзқарас арқылы білім беру жүйесінде тұлғаның ойлау мәдениеті, әлеуметтік бейімділігі мен этикалық жауапкершілігі жетіледі (OECD, 2018: 15–19; Rogers, 1983:90–96). Тілдік қолданыстағы мәдени – интеллектуалдық құзырет белгілі бір ұлт өкілінің тілдік бірліктерді игерудегі қабілет – қарымымен, білім – білігімен өлшенеді. Сөйлесім кеңістігіндегі педагогикалық үрдіс тіл парадигмаларының көрсеткіші ретінде дара тұлғаның аталмыш қабілеттерін шыңдайды.

Талқылау

Коммуникация мен функционалдық сауаттылықтың байланысы

Қазіргі педагогикалық үрдістерде коммуникация мен сөйлесім әрекеті ұғымдары білім алушының функционалдық сауаттылығымен тығыз байланысты. Соңғы жылдары функционалдық сауаттылық білім мазмұнын жаңартуға және құзыреттілікке бағытталған тәсілдердің өзегіне айналды. Қазақстан Республикасының 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл

жоспары бұл ұғымды білім алушының ақпаратты қабылдау, талдау, өңдеу және оны өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалану қабілетімен байланыстыра сипаттайды (MES RK, 2012).

Функционалдық сауаттылықтың табиғаты тек пәндік немесе ақпараттық біліммен шектелмейді. Ол коммуникативтік қабілет пен әлеуметтік белсенділікті қатар дамытуды көздейді. Функционалды сауатты тұлға – ойын дәл, қисынды, мәдени нормаға сай жеткізе алатын, өзгелермен тиімді қарым-қатынас орната білетін адам. Осы тұрғыдан алғанда, сөйлесім кеңістігін дамыту оқушының коммуникативтік құзыреттілігін, әлеуметтік белсенділігін және мәдени бейімделуін қалыптастырудың ең тиімді тетігі саналады (Byram, 1997:78–82; Halliday, 1994:241–243; UNESCO, 2023:11–12).

Функционалдық сауаттылықты зерттеген С.А. Крупник пен В.В. Мацкевич (2010) оны тұлғаның ақпараттық және тілдік ортада тиімді әрекет ету қабілетімен тікелей байланыстырады. Бұл көзқарас функционалдық сауаттылықты қоғамдағы тілдік бейімделу, коммуникациялық икем және сыни ойлау дағдысының көрсеткіші ретінде айқындайды (OECD, 2018:15–19). Функционалдық сауаттылық — сөйлесім әрекетінің нәтижесін білдіретін және оның сапалық деңгейін анықтайтын көрсеткіш. Коммуникация барысында оқушы ақпаратты қабылдап, оны өз тілдік тәжірибесі арқылы өңдеп, оны қоғамдық-әлеуметтік деңгейде түсіндіреді. Осылайша сөйлесім кеңістігі функционалдық сауаттылықтың когнитивтік және мәдени деңгейлерін біріктіретін тұтас педагогикалық орта ретінде танылады (Halliday, 1994:241–243).

Коммуникация мен функционалдық сауаттылық арасындағы байланыс білім беру философиясының антропоцентристік бағытын күшейтеді. Тілді меңгеру адамның дүниетанымын кеңейтіп, оның қоғамдағы орнын айқындайды. Сондықтан тілдік қатынас арқылы дамитын функционалдық сауаттылық тек білім нәтижесін ғана емес, тұлғалық жетілу мен әлеуметтік жауапкершілікті де бейнелейді (OECD, 2018:15–19). Функционалдық сауаттылық пен тілдік коммуникация бірлігін педагогикалық үдеріс деңгейінде тану білім беру сапасының негізгі көрсеткіші ретінде сипатталады. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық тіл, құндылық, ой мен таным және мәдениет тұтастығын сақтай отырып, оқыту мазмұнының жаңа парадигмасын дамытуға жол ашады.

Сөйлесім кеңістігінің коммуникативтік құндылығы

Сөйлесім әрекеті білім беру кеңістігінде өзара түсіністік пен мәдени келісімге жеткізетін басты құрал. Бұл үдеріс тілдік қатынасты қамтамасыз етумен қатар, педагог пен білім алушы арасындағы сенім мен ынтымақтастықты тереңдетеді. Диалогқа негізделген сөйлесім ортасы тұлғаның пікір айту қабілетін дамытып, оқу әрекетін саналы әрі белсенді бағытқа бағыттайды (Rogers, 1983:85–92; Freire, 1970:81).

Білім берудегі сөйлесімнің рөлі туралы зерттеулер коммуникация сапасын оқу нәтижесінің басты өлшемі ретінде қарастырады. Bruner педагог

пен оқушы арасындағы қарым-қатынастың деңгейі білім беру тиімділігін арттыратынын дәлелдеген. Бұл зерттеулер сөйлесімнің тұлғаның танымдық белсенділігін арттырудағы ықпалын нақтылайды (Bruner, 1966:205; Freire, 1970:81). Мұндай кеңістік тек тілдік әрекетті ғана емес, ойлау мәдениетін, этикалық сезімталдық пен әлеуметтік жауапкершілікті де дамытады. Сөйлесім педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналып, білім алушының адамгершілік құндылықтарын тереңдетеді (Ushinsky, 1989: 342–345; UNESCO, 2023: 11-12).

Философиялық және әдістемелік тұрғыдан алғанда, сөйлесім әрекеті аясындағы диалогтық үрдіс – адами қарым-қатынастың басты тетігі мен түсінісу амалы болып саналады. Оқыту жүйесіндегі П. Фрейре мен Дж. Брунердің гуманистік идеялары диалогты еркін ойлауға жетелейтін, пікір білдіру мәдениетін қалыптастыратын және этикалық жауапкершілікті арттыратын педагогикалық құрал деп таниды. Сөйлесім кеңістігі осылайша тұлғаның мәдени санасын қалыптастырып, қоғаммен тіл арқылы байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай орта оқыту сапасын арттырып, коммуникацияның құндылықтық негізін айқындайды (UNESCO, 2023: 11-12; Rogers, 1983: 90-96).

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазіргі педагогикалық ғылымның басты ұстанымдарының бірі — тіл мен коммуникацияның білім беру үдерісіндегі өзек екенін дәлелдейді. Коммуникация мен сөйлесім әрекеті оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнымен қатар, тұлғаның әлеуметтік, мәдени және рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып саналады (Halliday, 1994: 36–38; Vygotsky, 1986: 94–97).

Сөйлесім әрекеті мен коммуникация үрдісінің бірлігі мәдени кодтың тетігі ретінде ұлттық сананың дамуына әсер етеді, дидактика ілімінің гуманистік және қатысымдық бағытын жаңа идеялармен байытады.

«Педагогикалық үрдіс» ұғымының мазмұны қазақ тілінің құрылымдық және мағыналық жүйесімен ұштастырылып, ғылыми айналымда табиғи қалыпта орнықты. Бұл терминнің баламалары — «үрдіс», «бағыт», «беталыс» — ғылыми стильдің нормаларына сай қалыптасып, педагогикалық терминология жүйесіне үйлесімді енгізілді (Halliday, 1994: 37–40; Оразбаева, 2019:172–178). Сөйлесім кеңістігі мен педагогикалық коммуникацияның өзара байланысы білім берудің әлеуметтік және мәдени мазмұнын тереңірек ашады. Тіл тек ақпарат жеткізу құралы емес, сонымен бірге білім мен құндылықты, тәжірибе мен ойды, мәдени код пен рухани дәстүрді жеткізетін арна. Сол себепті сөйлесім әрекеті тұлғаның танымдық, мәдени және этикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі дидактикалық тетік ретінде танылады (Ushinsky, 1989: 342-345; Оразбаева, 2019: 18-20).

Полипарадигмалық ұстаным білім беруді тіл, мәдениет, ойлау және қарым-қатынас бірлігінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл көзқарас гуманистік, когнитивтік, қатысымдық және мәдениетаралық бағыттарды біріктіріп,

білім беру үдерісін тұтас әлеуметтік-коммуникативтік құрылым ретінде түсіндіруге жол ашады. Мұндай көпқырлы тәсіл қазіргі педагогикалық ойды жаңаша пайымдауға және оқыту процесін тұлғалық-коммуникативтік сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік береді (Rogers, 1983:90–96; Piaget, 1972:112–115; Halliday, 1994:36–38; UNESCO, 2023:11–12).

Функционалдық сауаттылық педагогикалық коммуникацияның сапасын айқындайтын маңызды көрсеткіш ретінде көрінеді. Ол білім алушының өмірлік жағдаяттарда тілдік және әлеуметтік дағдыларды еркін қолдану қабілетін жетілдіріп, сөйлесім кеңістігінің тиімділігін арттырады (OECD, 2018:15–19; MES RK, 2012).

Зерттеу нәтижелері мынадай тұжырымдарда анықталды:

1. Сөйлесім кеңістігі — педагогикалық коммуникацияның құрылымдық әрі рухани өзегі.

2. Коммуникация – тұлғаның мәдени және этикалық қалыптасуын қамтамасыз ететін әлеуметтік тетік.

3. Полипарадигмалық тәсіл білім беруді тіл мен мәдениет тоғысындағы кешенді жүйе ретінде тануға мүмкіндік береді.

4. Педагогикалық «үрдіс» ұғымы мен оның баламалары («бағыт», «беталыс») ұлттық ғылыми тілдің табиғи дамуы мен жүйелілігін айқындайды.

Сөйлесім әрекетін дамыту функционалдық сауаттылықты, білім мен білікті, іскерлік мәдениетін және әлеуметтік жауапкершілікті арттырудың тиімді жолы болып саналады (Rogers, 1983:90-96; Halliday, 1994:241-243; OECD, 2018: 15-19).

Жалпы алғанда, сөйлесім кеңістігі мен коммуникацияның педагогикалық өлшемі — қазіргі білім беру теориясы мен тәжірибесін біріктіретін әмбебап ұғым. Ол тұлғаның шығармашылық әлеуетін, рухани-мәдени санасын және адамгершілік құндылықтарын дамыта отырып, ұлттық және әлемдік педагогикалық ойдың тоғысқан өлшемдерін бейнелейді (UNESCO, 2023:11-12).

References

- Bruner J.S. (1966) *Toward a theory of instruction*. Harvard University Press. (in Eng.)
- Byram M. (1997) *Teaching and assessing intercultural communicative competence*. Multilingual Matters. (in Eng.)
- Freire P. (1970) *Pedagogy of the oppressed*. Continuum. (in Eng.)
- Halliday M.A.K. (1994) *An introduction to functional grammar* (2nd ed.). Edward Arnold. (in Eng.)
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan] (2003, December 26) *Concept for the development of education in the Republic of Kazakhstan until 2015*. Egemen Kazakhstan. (in Kaz.)
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan] (2012) *National action plan for the development of functional literacy of school students for 2012–2016*. (in Kaz.)
- Organisation for Economic Co-operation and Development. (2018). *The future of education and skills: Education 2030*. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/9789264300002-en> (in Eng.)

- Orazbayeva F. (2019) Tildik qatnas: Gylymi monografiya (4th ed.) [Language communication. Scientific monograph]. Ana Arys Publishing. (in Kaz.)
- Piaget J. (1972) The psychology of the child. Basic Books. (in Eng.)
- Rogers C.R. (1983) Freedom to learn for the 80's. Merrill Publishing Company. (in Eng.)
- UNESCO (2023) Values-based education for sustainable development: Global framework. UNESCO Publishing. (in Eng.)
- Ushinskiy K.D. (1989) Izbrannye pedagogicheskie trudy [Selected pedagogical works]. O.K.B. (in Russ.)
- Vygotsky L.S. (1986) Myshlenie i yazyk [Thought and language]. MIT Press. (in Russ.)
- Zharyqbayev Q. (2005) Psikhologiya negizderi [Basics of psychology]. Bilim. (in Kaz.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: August 31, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 4